



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ



ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ  
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАР МЕН ҚОСПАЛАРДЫ ҰТЫМДЫ РЕТТЕУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

Шығыс Еуропа, Кавказ және  
Орталық Азияның жекелеген  
елдерінде химиялық заттарды  
ұтымды басқару үшін ұлттық  
жүйелердің негізгі элементтерін  
құру

## ЖОБАСЫ

НҰР-СҰЛТАН  
2021

Бұл жоба Германияның Қоршаған орта Федералды министрлігімен (BMU) Орталық және Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдерінде, сондай-ақ Еуропалық Одақпен көршілес басқа елдерінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы консультативтік көмек Бағдарламасы (AAP) шеңберінде қаржыландырылды.

Жоба Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Федералдық ведомствосымен (UBA) ынтымақтастықта іске асырылды.

Осы жарияланымның мазмұны үшін жауапкершілік авторларға жүктеледі.



Federal Ministry  
for the Environment, Nature Conservation  
and Nuclear Safety

Umwelt   
Bundesamt

## АЛҒЫС БІЛДІРУ

Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі *Алексей Цой* мен Министрліктің құрылымдық бөлімшелеріне «Шығыс Еуропаның, Кавказдың және Орталық Азияның жекелеген елдерінде химиялық заттарды ұтымды басқару үшін ұлттық жүйелердің негізгі элементтерін құру» халықаралық жобасына қатысуға мүмкіндік бергеніне және сенім білдіргеніне, сондай-ақ республика халқының денсаулығын қорғау ісінде баға жетпес әрі маңызды болып табылатын жобаны іске асыруға қолдау көрсеткені үшін алғыс білдіреді.

Сондай - ақ, «Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азияның жекелеген елдерінде химиялық заттарды ұтымды басқару үшін ұлттық жүйелердің негізгі элементтерін құру» жобасын іске асыруға қатысу мүмкіндігі үшін ДДСҰ-ның қоршаған орта және денсаулық сақтау жөніндегі Еуропалық орталығына, *Застенская Ирина* ханымға техникалық және консультациялық көмек үшін шынайы алғысымызды және ризашылығымызды білдіреміз.

Жобаны іске асыруға белсенді қатысқан «Қазақстан Республикасының тұрақты дамуына жәрдемдесу орталығы» қоғамдық қоры өкілі *Мұстафина Вераға*, «Toxic Free Kazakhstan» химиялық қауіпсіздікті үйлестіру орталығы қоғамдық қоры өкілі *Шаханова Аселге*, жобаны іске асыруға көмек көрсеткен ұлттық команда өкілдері *Көбжасаров Дамирге*, *Сатывалдеев Русланға*, *Айдосов Сержанға*, *Жусупов Бауржанға*, *Ердесов Сауранға* және *Жұбанова Қорланға*, «Alem School» бағдарламалау мектебіннің өкілі *Давлетов Дағарға*, сондай-ақ қойылған міндеттерді тиімді орындау үшін өз пікірлерімен бөлісуге уақыт бөлген мүдделі тараптарға алғыс білдіреміз.

Осы жұмыстың негізгі авторлары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының мамандары *Молдажанов Арыстан* мен *Жүнісова Насима* болып табылады.

## МАЗМҰНЫ

Алғыс білдіру .....	1
Белгілер мен қысқартулар .....	3
Кіріспе .....	4
1. Қазақстанда ХЗ ұтымды реттеудің өзектілігі.....	6
1.1. Өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығындағы химикаттар .....	6
1.2. Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі міндеттемелер.....	7
1.3. Халық денсаулығы үшін қауіп-қатерлер .....	9
2. Жоба шеңберінде ХЗ реттеуді жетілдіру жөніндегі шараларды іске асыру .....	11
2.1. Жобаның басталуы.....	11
2.1.1. Жобаға қатысу туралы ҚР Үкіметінің шешімі .....	11
2.1.2. Жобаны іске қосу бойынша семинар.....	12
2.1.3. Жоба шеңберіндегі елдің міндеттемелері.....	12
2.1.4. Сектораралық жұмыс - жоба тиімділігінің кепілі .....	13
3. Жоба туралы ақпарат және өткізілетін іс-шаралар туралы хабардар болу .....	16
4. Іс-шараларды кезең-кезеңімен іске асыру және олардың ХЗ реттеу жүйесін жетілдіруге қосқан үлесі. 18	
4.1. ХЗ реттеудегі олқылықтарды жою бойынша шараларды скринингтік бағалау және жоспарлау... 18	
4.2. Химиялық заттардың ұлттық тіркелімін құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру .....	22
4.3. Дайындалған кадрлар – табыс негізі .....	24
4.4. Химиялық заттарды қауіпсіз басқарудың міндетті элементі .....	32
5. Қорытындылар мен ұсыныстар .....	37

## БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ДДСҰ	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
МЕСТ	Мемлекетаралық стандарт
ЖЭҚ	Жаһандық экологиялық қор
ҚДССД	Қоғамдық денсаулық сақтау саясаты департаменті
ДДСҰ ЕӨБ	ДДСҰ Еуропалық өңірлік бюросы
ЕЭК	Еуропалық экономикалық комиссия
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
ЕХА	Еуропалық химия агенттігі
ЕО	Еуропалық Одақ
ҚОДСЕО	ДДСҰ қоршаған орта және денсаулық сақтау Еуропалық орталығы
ИДӨҚК	Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті
ТҚҚСҚБК	Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті
ҚДСК	Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті
ҚР ДСМ	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ИИДМ	Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
ХЗҰРХК	Химиялық заттарды ұтымды реттеуге халықаралық көзқарас
АШМ	Ауыл шаруашылығы министрлігі.
ЭГТРМ	Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі
НҚА	Нормативтік-құқықтық актілер
ҮЕҰ	Үкіметтік емес ұйым
ҚДСҰО	Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
БҰҰДБ	Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы
ШЖК	Шаруашылық жүргізу кәсіпорындары
БР	Беларусь Республикасы
ХЗТБАРЕ	Химиялық заттарды тіркеу, бағалау, авторизациялау және рұқсат ету/айналымын шектеу
ЛЗШАР	Ластаушы заттарды шығару және ауыстыру регистрі
РМК	Республикалық мемлекеттік кәсіпорын
РНҚ	Республикалық нормативтік құжаттар
ЖКЖ	Жаһандық деңгейде келісілген химиялық заттарды жіктеу және таңбалау жүйесі
СЕ	Санитарлық ережелер
ХЗХРСК	Химиялық заттарды халықаралық реттеуге стратегиялық көзқарас
ҚР СТ	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарты
СЭҚ ТН	Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы
041/2011	Еуразиялық экономикалық одақтың 2017 жылғы 03.03. № 19 ЕЭК шешімімен
ЕЭО ТР	қабылданған «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті
ТШ	Техникалық шарттар
АШАТЖҰ	Ауыл шаруашылығы және азық-түлік жөніндегі ұйым
ХЗ	Химиялық заттар

## КІРІСПЕ

Ғаламдық өндіріс, сауда және химиялық заттарды қолдану күн сайын артып келеді. Дұрыс реттелмеген жағдайда химиялық заттар денсаулыққа және қоршаған ортаға өткір және созылмалы теріс әсер етуі мүмкін, адам ағзаларында, жануарларда, өсімдіктерде, шикізат пен тамақ өнімдерінде жиналып, ұзақ мерзімді әсерге әкеледі.

Оларды реттеудің жеткіліксіз дамыған жүйесі жағдайында химиялық заттарды синтездеу және пайдалану өсуінің қазіргі жағдайы халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаның нашарлауына әкеліп соқтырды және әлемдік қауымдастық алдында қауіпті химиялық заттар мен қалдықтарды басқарудың ғаламдық процесінің қажеттілігі туралы мәселе көтерді. 1992 жылы БҰҰ-ның қоршаған орта және даму жөніндегі Конференциясында қоршаған орта және даму Рио-де-Жанейро декларациясы қабылданды, ол 1972 жылы Стокгольмде қабылданған БҰҰ-ның адам қоршаған орта мәселелері жөніндегі конференциясы декларациясының пайымын қолдады.

Рио-де-Жанейро декларациясы химиялық заттарды өндіру мен пайдалануды кеңейту жағдайында адамның денсаулығы мен қоршаған ортаны жақсарту мақсаттарының бірін белгілейді және химиялық заттарды басқару қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды алға тартады.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін бірқатар халықаралық химиялық конвенциялар қабылданды: қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды жоюды бақылау туралы Базель конвенциясы (1989 ж.); халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала негізделген келісім рәсімі туралы Роттердам конвенциясы (1998 ж.); орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясы (2001 ж.), сынап туралы Минамат конвенциясы, басқа да ерікті бастамалар. Пестицидтерді тарату және пайдалану саласындағы халықаралық тәртіп кодексі (ФАО кодексі), химиялық заттарды халықаралық реттеуге стратегиялық көзқарас (ХЗХРСК) және химиялық заттарды реттеу жөніндегі басқа да бағдарламалар.

Химиялық заттардың өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде әсер етуі адам денсаулығы мен қоршаған ортаға айтарлықтай зиянын тигізбеуі үшін, елдердің үкіметтері химиялық заттарды ұтымды реттеуге қол жеткізу туралы міндеттемелер қабылдады.

Қазақстан химиялық заттар мен қалдықтарды ұтымды реттеу саласындағы жаһандық процестердің белсенді қатысушысы бола отырып, қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды жоюды бақылау туралы Базель конвенциясын (1989), халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала негізделген келісім рәсімі туралы Роттердам конвенциясын (1998), жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы Стокгольм конвенциясын (2001), ақпаратқа қол жеткізу, шешімдер қабылдауға жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы БҰҰ ЕЭК Конвенциясына, ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының

<sup>1</sup> Декларация Конференции Организации Объединенных Наций по проблемам окружающей человека среды  
— Декларации — Декларации, конвенции, соглашения и другие правовые материалы (un.org)

тіркелімдері (ЛШТТ) туралы хаттаманы ратификациялады, ХЗХРСК талаптарын орындайды, сынап туралы Минаматтық конвенцияға қосылу туралы мәселені шешуге қатысуда.

Қазақстан Республикасының заңнамалық базасының ратификацияланған халықаралық келісімдермен ішінара үйлестірілгеніне қарамастан, халықаралық келісімдердің қағидаттары мен құндылықтарын республиканың стратегиялық және заңнамалық құжаттарына енгізу және орындау үшін мемлекет тарапынан күш-жігерді талап етеді.

Химиялық заттарды реттеу мәселелері Қазақстанда өзекті. Республика химиялық заттар мен қоспаларды реттеуді одан әрі жақсарту үшін техникалық және қаржылық қолдауды құптайды.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымының «Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азияның жекелеген елдерінде химиялық заттарды ұтымды басқару үшін ұлттық жүйелердің негізгі элементтерін құру» жобасына қатысу туралы ұсынысын Республика Үкіметі қолдады.

Жоба шеңберінде іске асырылған бастамалар, атап айтқанда

- ◇ химиялық заттарды тиімсіз реттеуге байланысты түйінді мәселелер және осы саладағы озық тәжірибелер туралы хабардарлықты арттыру,
- ◇ сектораралық өзара іс-қимылды нығайту,
- ◇ мемлекеттік және жеке секторда, үкіметтік емес ұйымдарда әлеуетті дамыту,
- ◇ химиялық заттар мен қоспаларды тіркеу үшін құқықтық және техникалық негізді жетілдіру, ЖДЖ-ге көшу Қазақстанда ХЗ мен олардың қоспаларын ұтымды реттеу жүйесін орнатуға елеулі үлес қосуға мүмкіндік берді.

# Қазақстанда ХЗ ұтымды реттеудің өзектілігі

## 1.1. Өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығындағы химикаттар


Химия өнеркәсібі Қазақстан Республикасы экономикасының негізгі салаларының бірі болып табылады. Химиялық заттар мұнай өңдеу, тау-кен металлургия, химия, құрылыс, фармацевтика салаларында өндіріледі. ҚР көмір, мұнай, газ, хром, уран, мырыш, темір кені, мыс, алтын қорлары және оларды өндіру көлемі бойынша әлемнің жетекші 15 елінің қатарына кіреді.

Химия өнеркәсібі өндірісінің құрылымында базалық химия: бейорганикалық қышқылдар, сілтілер және олардың тұздары, жарылғыш заттар, лактар, бояулар өндірісі 64% - ды алады. Агрохимия: минералды тыңайтқыштар мен пестицидтер 21% құрайды. Мұнай-газ химиясы 10% – ды, тұтыну химиясы (жуу және тазалау құралдарын өндіру) 5% - ды құрайды.

Қазақстанда химиялық өнімнің негізгі түрлері: пестицидтер, тыңайтқыштар, көміртегі диоксиді, фосфор және фосфор қышқылы, салыстырмалы түрде аз көлемде күкірт қышқылы, ірі көлемде – мұнай өнімдері болып табылады.

Қазақстандық өнімнің экспорты газдан, мұнай өңдеу өнімдерінен, күкірт қышқылынан, минералдық тыңайтқыштардан тұрады.

ҚР химия өнеркәсібі



Негізгі химия	64%
Агрохимия	21%
Мұнай-газ химиясы	10%
Тұтынушылық химия	5%



Қазақстанның химиялық өнімі импортының құрылымында өнеркәсіптік химикаттар мен өсімдіктерді қорғауға арналған құралдар, лак-бояу материалдары, пиротехникалық бұйымдар, парфюмерия және тұрмыстық химия басым.

Өмірлік циклдің барлық кезеңдеріндегі химиялық заттармен байланысты басым түйінді мәселелерге:

◇ химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлар мен мемлекеттік бағдарламаларды айқындау қажет ететін өнімнің химиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясаттың болмауы;

◇ химиялық өнім нарығын реттеу: тіркеуден өтпеген және қауіпсіздік паспорты жоқ өнімнің болуы. Елімізде жалпы саны 2200-ге жуық химия өнімдерінің қауіпсіздік паспорты тіркелген. Құрамы, ықтимал қауіптілігінен бастап, қауіпсіздік шараларымен аяқталатын химиялық зат туралы барлық ақпаратты қамтитын тізілім жоқ;

◇ пестицидтер: пестицидтерді қолдану, ескірген және жарамсыз пестицидтердің болуы. ҚР аумағында пестицидтерден тұратын 727 қойма және 15 қорым бар;

◇ қалдықтардың бақылаусыз өсуі мен сақталуы, соның ішінде химия өнеркәсібі: республика аумағында өндіріс пен тұтынудың 22 миллиард тоннадан астам қалдықтары жинақталды, оның ішінде ұлғаю тенденциясы бар 6,7 миллиард тонна улы қалдықтар;

◇ қоршаған ортаның қауіпті химиялық заттармен ластануы: Орталық және Шығыс Еуропа мен Орталық Азия елдері арасында Қазақстан қоршаған ортаның органикалық заттармен ластанудың жалпы көлемі бойынша екінші орында тұр.

Еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды құралдарының бірі болып табылатын, ҚР Тұңғыш Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы Жарлығымен бекітілген ҚР-ның «Жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама химиялық заттарды қауіпсіз басқаруды қамтамасыз ету бойынша ахуалды жақсартуға ықпал етеді. «Жасыл экономиканың» жеті басым бағыттарының қатарына химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бірқатар ережелерден тұратын қалдықтарды басқару мәселелері енгізілген.

## 1.2. ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ШЕҢБЕРІНДЕГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Еуразиялық экономикалық одақ - халықаралық құқық субъектілігі бар және Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартпен<sup>2</sup> құрылған өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы.

<sup>2</sup> 2014\_2.pdf (eaeunion.org)

Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер болып табылады.

ЕАЭО-ға мүше елдердің заңнамалық базалары ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттар мен химиялық өнімдерді тіркеу жөніндегі талаптардан тұрады, алайда Ресей Федерациясынан басқа, ықтимал қауіптілікті, тәуекелдерді, апатты жағдайлар кезінде жауап беру шараларын және басқа да ақпаратты көрсететін химиялық заттардың тізілімдерін жүргізу жүргізілмейді.

ЕАЭО елдерінде ұлттық заңнамадан басқа, өңірлік маңызы бар техникалық құжаттар қолданылады. ЕАЭО-ның техникалық регламенттері нормативтік құқықтық актілер болып табылады және 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабының 2-тармағына сәйкес мүше елдердің аумағында тікелей қолданылады.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 3 наурыздағы № 19 шешімімен қабылданған «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» 041/2017 ЕАЭО ТР ЕАЭО аумағында химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ең негізгі және басты Техникалық регламент болып табылады.

Регламенттің мақсаты - адамның өмірі мен денсаулығын, мүлікті, қоршаған ортаны, жануарлар мен өсімдіктердің өмірі мен денсаулығын қорғау, тұтынушыларды адастыратын әрекеттердің алдын алу.

Осы ТР ЕАЭО кедендік аумағында қолдану және орындау үшін химиялық өнімге қойылатын бірыңғай міндетті талаптарды белгілеу, одақтың кедендік аумағында айналымға шығару кезінде оның еркін қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

ЕАЭО ТР химиялық заттар мен қоспалардың адам денсаулығы мен қоршаған орта үшін қауіптілігін жіктеу критерийлерін, сондай-ақ таңбалау мен қауіпсіздік паспортына қойылатын талаптарды қамтитын ақпараттандыру жүйесінің элементтерін белгілейді.

Химиялық заттар мен қоспаларының тізілімін қалыптастыру және жүргізу және жаңа химиялық заттарды нотификациялау тәртібі 2018 жылғы 1 желтоқсанға дейін күшіне енген жағдайда, осы ТР ЕАЭО 2021 жылы күшіне енеді. «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентіне (ЕАЭО ТР 041/2017) өзгерістер жобасын әзірлеу туралы» Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 29.03.2019 Ж. № 42 (24.12.2019 ж. күшіне енді) өкіміне сәйкес, химиялық өнімнің жекелеген санаттарын мемлекеттік тіркеу жөніндегі талаптарды алып тастау бөлігінде Қазақстанға ЕАЭО ТР 041/2017 өзгерістер кіргізу жобасын әзірлеу тапсырылды.

Қазақстандағы ЕАЭО ТР 041/2017 іске асыру жөніндегі уәкілетті орган ҚР ИИДМ ИДӨҚК ЕАЭО ТР 041/2017 енгізу жөніндегі жұмыс тобын құрды, Тізілімнің ұлттық бөлігін қалыптастыру мақсатында мүдделі тараптардан химиялық заттар туралы ақпарат жинау (Ұлттық түгендеу) басталды.

---

<sup>3</sup> <https://docs.eaeunion.org/ru-ru/pages/displaydocument.aspx?s=e1f13d1d-5914-465c-835f-2aa3762eddda&w=9260b414-defe-45cc-88a3-eb5c73238076&l=8a412e96-924f-4b3c-8321-0d5e767e5f91&entityid=24434>

### 1.3. ХАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ ҮШІН ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР<sup>4</sup>

ДДҰ 2017 жылғы бағалауы бойынша жыл сайын әлемде орын алатын 4,2 миллион өлім қоршаған (атмосфералық) ауаның ластануына байланысты. Қазгидрометтің мәліметі бойынша, 2016 жылы елімізде жоғары ластанудың 2837 жағдайы және атмосфералық ауаның экстремалды жоғары ластануының 550 жағдайы, ал 2017 жылы жоғары ластанудың 990 жағдайы және экстремалды жоғары ластанудың 98 жағдайы орын алған.


2017 жылы Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы Қазгидрометтің PM10 және PM 2,5 ауаның ластануы жөніндегі деректеріне сүйене отырып, 45 қалада тәуекелдерді бағалауды жүргізді. Ауаның ластануы халықтың денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіреді деген қорытынды жасалды: PM 2.5 әсерінен созылмалы аурулардың қауіп факторы 0,02 – ден 2,6-ға дейін, ал PM 10 әсерінен 0,2-ден 2,0-ге дейін болды. Жедел аурудың пайда болу қаупі одан да жоғары PM 2,5 үшін 0,003-тен 7,7-ге дейін, ал PM10 үшін 0,8-ден 19,7-ге дейін болды. Жеті қалада (Ақтөбе, Ақтау, Балқаш, Қарағанды, Қаратау, Шу және Жезқазған) атмосфералық ауадағы шаң фракцияларының әсерінен респираторлық аурулардың экстремалды және өте жоғары қаупі бар аймақтар бөлінді. Есептеулер бағалаумен қамтылған көптеген қалалар, соның ішінде Алматы қаласы мен еліміздің астанасы үшін жоғары және орташа тәуекелдерді көрсетеді. Жедел аурудың пайда болу қаупі одан да жоғары PM2,5 үшін 0,003-тен 7,7-ге дейін, ал PM10 үшін 0,8-ден 19,7-ге дейін болды.

Топырақтың ауыр металдармен, әсіресе ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтарының маңында ластануы, Қазақстандағы ең өзекті экологиялық проблемалардың біріне айналды. Көптеген қалалардың жанында, Қарағанды, Риддер, Шымкент, Өскемен және Жезқазған қалаларын қоса алғанда, құрылған өнеркәсіптік кәсіпорындар топырақтың ластануының негізгі факторлары болып табылады. Қалаларда ШРК-дан асатын кадмий, қорғасын, мыс, мырыш және хром деңгейлері ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың санитарлық-қорғау аймақтарының шекараларында және автомобиль жолдарының жанында анықталды. Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ұлттық орталығының 2010-2011 жылдары жүргізген зерттеуге сәйкес, Шымкент қаласындағы бұрынғы қорғасын өңдеу зауытының жанында тұратын 52% балалардың қанындағы қорғасын деңгейі ДДҰ бақылау деңгейінен асып түсті.

ДДСҰ мәліметтері бойынша, балалар қоршаған ортаға байланысты қауіптерге көбірек сезімтал, қоршаған ортаның жай-күйімен байланысты балалардың ауру динамикасының теріс тенденциялары қоршаған ортаның қолайсыз жағдайының көрсеткіші бола алады.

Қоршаған ортаның жағдайына байланысты болуы мүмкін жұқпалы емес аурулардың саны 2008 жылдан бері өсіп келеді. 2016 жылы демікпе диагнозы қойылған балалардың саны 2009 жылғы осындай балалардың санынан 2,6 есе көп болды. Балалар арасында обырмен жалпы сырқаттанушылық 2009

<sup>4</sup> [https://unece.org/fileadmin/DAM/env/epr/epr\\_studies/ECE\\_CEP\\_185\\_Rus.pdf](https://unece.org/fileadmin/DAM/env/epr/epr_studies/ECE_CEP_185_Rus.pdf)



жылғы 100 000 адамға шаққанда 182,7 жағдайдан 2016 жылы 100 000 адамға шаққанда 292,1 жағдайға дейін 60% - ға ұлғайды. Алғаш рет обыр диагнозы қойылған көрсеткіш 2008 жылы 100 000 адамға шаққанда 127,2-ден 2016 жылы 100 000 адамға шаққанда 133,8-ге дейін артты, бұл болашақта балалар арасында обыр ауруының одан әрі өсуін көрсетеді. Созылмалы бронхит ауруының көбеюі соншалықты жоғары емес, бірақ бұл көрсеткіш жоғары болып қала береді. Туа біткен ауытқулардың жиілігі де 2008 жылы 100 000 адамға шаққанда 604,1 жағдайдан 2015 жылы 100 000 адамға шаққанда 999,0 жағдайға дейін артуда.

# Жоба шеңберінде химиялық заттарды реттеуді жетілдіру жөніндегі шараларды іске асыру

## 2.1. ЖОБАНЫҢ БАСТАЛУЫ

### 2.1.1. ЖОБАҒА ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ ҚР ҮКІМЕТІНІҢ ШЕШІМІ

Соңғы онжылдықтарда елдің алдында қауіпті химиялық заттардың халықтың денсаулығына әсерін азайту мәселесі тұр. Жұқпалы емес аурулармен сырқаттанушылық пен өлім-жітімнің өсуі ел экономикасына ауыртпалықты ұлғайтты, химиялық заттардың қауіпсіз айналымы мәселесін шешудің басымдылығын арттырды.

2018 жылы ДДҰ Еуропалық өңірлік бюросы ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне (2018 жылғы 24 мамырдағы №180351/151-18 хат) «Шығыс Еуропаның, Кавказдың және Орталық Азияның жекелеген елдерінде химиялық заттарды ұтымды реттеудің ұлттық жүйелерінің негізгі элементтерін құру» жобасын (бұдан әрі - Жоба) іске асыруға қатысуды ұсынды.

Жобаның мақсаты Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азияның жекелеген елдеріндегі химиялық заттар тіркелімдерін қоса алғанда, химиялық заттарды басқарудың ұлттық жүйелерінің негізгі элементтерін құру және химиялық заттардың басым топтарының тәуекелдерін басқару бойынша ұлттық әлеуетті дамыту болып табылады.

Өз кезегінде, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жобаның өзектілігін, маңыздылығы мен қажеттілігін ескере отырып, Жобаға қатысу туралы оң шешім қабылдады (2018 жылғы 14 маусымдағы №11-1-7/3143-И шығыс хаты). ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау саясаты департаменті Жобаны үйлестіруге жауапты, ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы -

Жобаны орындаушы болып белгіленді.

Жобаға қаржылық қолдауды Германия үкіметі жүзеге асырды.

Қазақстан Республикасынан басқа, ТМД елдерінің қатарынан Беларусь Республикасы мен Грузия Жобаға қатысушылар болды.

### **2.1.2. ЖОБАНЫ ІСКЕ ҚОСУ БОЙЫНША СЕМИНАР**

Жобаны іске қосу Грузияның астанасы Тбилисиде өтті, онда 2018 жылғы 17-18 шілдеде ДДҰ Еуропалық өңірлік бюросы Жобаның міндеттері, халықаралық контекст, басқа халықаралық бастамалармен өзара байланыс, елдердің базалық жағдайлары, жобаның химиялық қауіпсіздікке әлеуетті үлесі туралы семинар-кеңес ұйымдастырды. Қазақстаннан ҚР ДСМ ҚДСД директорының орынбасары З.Д. Ахметованың басшылығымен Энергетика, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерінің, сондай-ақ ҚДСҰО өкілдері қатысты.

Семинар-кеңесті Грузия, еңбек, денсаулық сақтау және әлеуметтік істер министрінің бірінші орынбасары доктор Заза Бохуа; Ауруларды бақылау және қоғамдық денсаулық сақтау орталығының бас директоры Амиран Гамкрелидзе мырза; ДДҰ-ның Грузиядағы Елдік кеңсесінің басшысы доктор Мариан Ивануса; ДДҰ ЕӨБ үйлестірушісі, ДДҰ Еуропалық Қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау орталығының техникалық офицері Ирина Застенская ханым ашты.

Германияның Қоршаған ортаны қорғау Федералды ведомствотінің өкілдері доктор Иоганн Ф. Молтманн және Рихард Ландграф мырза Жоба мен кеңес беру Бағдарламасының тұсаукесерін өткізді. Халықаралық сарапшылар химиялық заттарды қауіпсіз басқаруды реттейтін ұлттық НҚА бойынша брифинг өткізді. Жобаны енгізу бойынша ұйымдастыру мәселелері талқыланып, семинар-кеңеске қатысушы елдердегі химиялық заттарды басқару бойынша ағымдағы жағдай туралы ақпарат алынды. ҚР ДСМ ҚДССД директорының орынбасары З. Д. Ахметова Жобаның міндеттерін Республикада іске асыру бойынша ойымен бөлісті. Жобаның ұлттық үйлестірушілері қатысушы елдердің алдына қойылған міндеттерін талқылады.

### **2.1.3. ЖОБА ШЕҢБЕРІНДЕГІ ЕЛДІҢ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

Республика алдында 2018-2021 жылдарға арналған келесі міндеттер белгіленді:

◇ химиялық заттарды басқару жөніндегі шолу жағдайын дайындау және химиялық заттарды басқару жүйесін Жобаны іске асыру шеңберінде және одан кейін ұзақ мерзімді перспективада жетілдіру жөніндегі ұлттық жол картасын әзірлеу;

◇ химиялық заттарды тіркеу саласында ұзақ мерзімді кәсіптік білім беру үшін шаралар қабылдауды қоса алғанда, химиялық заттарды қауіпсіз реттеу және тіркеу бөлігінде өнеркәсіп қызметкерлері мен мемлекеттік органдар қызметкерлерінің әлеуетін арттыру.

Сондай-ақ, міндеттердің бірі халықтың, мүдделі тараптардың қауіпті химиялық заттардың қатері туралы хабардарлығын арттыру болып анықталды;

◇ жаһандық деңгейде келісілген химиялық заттарды жіктеу және таңбалау жүйесіне сәйкес химиялық заттарды тіркеу, химиялық заттарды жіктеу және таңбалау үшін құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру;

◇ химиялық заттарды қауіпсіз басқару саласында өнеркәсіп пен мемлекеттік мекемелер үшін анықтамалық қолдау қызметін құру;

◇ ұлттық химиялық тізілімді тұрақты жүргізу үшін қажетті техникалық, әкімшілік, адами және қаржылық ресурстарға бағалау жүргізу;

◇ химиялық заттарды онлайн тіркеуге арналған техникалық (бағдарламалық) құралды жасауға қатысу. Ұлттық ақпараттық жүйеде химиялық заттарды тіркеуге арналған бағдарламалық жасақтаманы бейімдеу. Тізілімге химиялық заттарды сынақты тіркеп, оны енгізу.


Осы мәселелердің барлығы республиканың денсаулық сақтау вице-министрі А.Цойдың қатысумен мәжілісте талқыланды. Мәжіліске ҚР ДСМ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган - Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің төрағасы, санитарлық-гигиеналық қадағалау басқармасының басшылары шақырылды. Мәжілісте қабылданған шешімдер Жобаны табысты іске асыру үшін негіз болды.

#### 2.1.4. СЕКТОРАРАЛЫҚ ЖҰМЫС - ЖОБАНЫҢ ТИІМДІЛІГІНІҢ КЕПІЛІ

Химиялық заттардың айналымына қатысты сұрақтар көбінесе бір мекеменің құзыретінен жатпай, қоғамның басқа да секторларының мүдделерімен тығыз байланысты. Қойылған міндеттерді іске асыру құзыретіне химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік реттеу қызметі кіретін барлық мемлекеттік органдардың күш-жігерін біріктірген кезде ғана мүмкін болады.

Химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдардың құзыреті 2007 жылғы «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында белгіленген. Заңда салалық бағытқа сәйкес химиялық заттарды басқару саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар айқындалған.

Химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудағы негізгі орталық мемлекеттік орган



ҚР ИИДМ болып табылады. Жобаны іске асыруға осы министрліктің қатысуы туралы шешім ҚР Үкіметі жанындағы денсаулық сақтау жөніндегі Ұлттық Үйлестіру кеңесінің отырысында қабылданды (2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 2 хаттама, 1-бөлім, 6-тармақ). Сондай-ақ, ИИДМ өзінің Жобаға қатысатынын жазбаша түрде растады (2018 жылғы 25 шілдедегі № 21-1-9/3967-И хаты).

Жобаны енгізудің бастапқы кезеңінде ҚДСҰО-мен ҚР ДСМ ҚДСК төрағасының орынбасары Н.О. Садуақасовта мәжіліс ұйымдастырылды, онда басқа министрліктердің өкілдерімен талқылау үшін негізгі мәселелер белгіленді, тараптардың міндеттері айқындалды. Осыдан кейін ҚДСҰО-да Жобаның міндеттерімен таныстыру мақсатында химиялық қауіпсіздік саласындағы реттеуге жауапты барлық министрліктермен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен мәжіліс өткізілді.



Процеске неғұрлым мүдделі қатысушылардың бірі - ҰЕҰ Жобаға белсенді түрде тартылды. ҚРАқпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитетінің деректері бойынша соңғы 10 жылда елде барлығы 22 398 ҰЕҰ тіркелген, яғни ҰЕҰ саны 3,1 есеге артты. Жұмыс істеп тұрған ҰЕҰ қызметінің бағыттары әлеуметтік саланың барлық спектрін қамтиды. ҚР-да химиялық заттарды реттеу

мәселелері бойынша 10-нан астам ҰЕҰ бар. ҰЕҰ өкілдері химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңнамалық актілер мен нормативтік құжаттардың жобаларын талқылауға, қоғамдық тыңдауларға, химиялық өнімдердің қауіпсіздік паспорттарын дайындауға, деректерді жинауға, тақырыптық есептерді, интернет-сайттарда ақпараттық брошюраларды дайындау және тарату арқылы халықтың хабардарлығын арттыруға және өнеркәсіп қызметкерлерін оқыту/біліктілігін арттыруға белсенді қатысады. Жобаны іске асыруға «Тұрақты дамуға жәрдемдесу» Орталығы қоғамдық қоры, «Toxic Free Kazakhstan» «Химиялық қауіпсіздікті үйлестіру орталығы» қоғамдық қоры белсенді түрде тартылды.

Мәжіліске қатысушылардың бірлескен ақылдасуы мен Жобаны тиімді іске асыруға ықпал еткен бірқатар ұсыныстар өзара әрекеттесу стратегиясын құруға көмектесті. Құрамына уәкілетті органдар мен ҰЕҰ мамандары кірген жұмыс тобы химиялық заттарды басқарудың скринингтік бағалауын дайындауға, Жол картасын әзірлеуге, халықтың хабардарлығын және мемлекеттік органдар мен өнеркәсіп қызметкерлерінің әлеуетін арттыруға және ықтимал қауіпті химиялық заттар тіркелімінің бағдарламалық қамтамасыз етуін, байқау тестілеуін өткізуге белсенді қатысты. Жұмыс тобының қатысушылары қоршаған ортаны қорғау, химиялық заттар мен қалдықтарды басқару мәселелерін қозғайтын халықаралық жобаларға қатысуда практикалық тәжірибесі бар мамандар болды.

Сондай-ақ, 2019 жылы басталған ҚР-да БҰҰДБ «Халықаралық көпжақты табиғат қорғау келісімдері бойынша міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз ету жолымен химиялық заттарды реттеу бөлігінде Қазақстан




Республикасының ұлттық әлеуетін нығайту» жобасыны іске асыруға белсенді қатысушы «Қазақстан Республикасының тұрақты дамуына жәрдемдесу» орталығы белсенді қатысты.


ҚР БҰҰДБ мен ДДҰ-ның жобаларының мақсаттары мен міндеттерін іске асыру шеңберінде өнеркәсіп пен мемлекеттік органдардың мамандарын оқыту және бірлескен кездесулер ұйымдастырылды, бұл сөзсіз елдің химиялық қауіпсіздік саласындағы кадрлық әлеуетін дамыту үшін үлкен көмек болды.

# Жоба туралы ақпарат және өткізілген іс-шаралар туралы хабардар болу

Мүдделі тараптар мен халыққа Жобаның іске асырылу барысы туралы уақтылы ақпарат беру үшін ҚДСҰО сайтында «Қазақстандағы химиялық заттарды ұтымды басқару жөніндегі ДДҰ жобасы» интернет-парақшасы ашылды.



Оқыту семинарын өткізу, бағдарламалық қамтамасыз етуді бейімдеу және басқа да маңызды іс-шараларды өткізу үшін жоғары білікті мамандарды тарту мақсатында конкурстар өткізілді, хабарландырулар интернет парақшасында орналастырылды.



IT-мамандармен өткізілген кездесулер, семинарлар туралы ақпарат берілді.

Оқыту семинарлары барысында ұсынылған барлық материалдар, Қазақстанда химиялық заттарды реттеудің толық ауқымды жүйесін құру бойынша Жол картасы мен скринингтік бағалау барлық мүдделі тараптарға қолжетімді болды.

Жобаның іске асырылу барысы туралы республикалық бұқаралық ақпарат құралдары жариялаған материалдар да Жобаның парақшасында орналастырылды.

## СМИ

Халықаралық сарапшылардың қатысуымен химиялық заттарды қауіпсіз басқару мәселелері талқыланды

В Нур-Султане с участием международных экспертов обсуждаются вопросы безопасного управления химическими веществами

В НЦОЗ обсудили вопросы безопасности химической продукции в отдельных странах Восточной Европы и Кавказа»

В столице Казахстана с участием международных экспертов обсуждаются вопросы снижения риска воздействия химических веществ на здоровье человека

Вопросы безопасного управления химическими веществами обсуждают в Нур-Султане

В НЦОЗ обсудили вопросы безопасности химической продукции

Техрегламент о безопасности химпродукции вступит в силу в 2021 году в ЕАЭС

Нұр-Сұлтанда химиялық заттарды қауіпсіз басқару мәселелері талқыланды

Химиялық заттардың ақпараттық базасы құрылады

БАҚ үшін веб-беттің скриншоты

# Іс-шараларды кезең-кезеңімен іске асыру және олардың ХЗ реттеу жүйесін жетілдіруге қосқан үлесі

## 4.1. ХЗ РЕТТЕУДЕГІ ОЛҚЫЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ БОЙЫНША ШАРАЛАРДЫ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ СКРИНИНГТІК БАҒАЛАУ



Химиялық заттар күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды және заманауи әлемде маңызды рөлі арта түсті. Қарқынды өндіріс, химиялық заттарды пайдалану және қалдықтардың түзілуі жағдайында химиялық заттарды қауіпсіз басқару қоршаған ортаны және адам денсаулығын қорғаудың маңызды шарты болып табылады.

Әлемдік көшбасшылардың БҰҰ-ның 2015 жылғы қыркүйектегі тарихи саммитінде қабылдаған орнықты даму саласындағы 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібі, орнықты даму саласындағы 17 мақсатты қамтиды, оның 12-сі химиялық заттар мен қалдықтарды ұтымды реттеумен тікелей және жанама байланысты. Бұл факт «қоғамды химияландыру» проблемасының маңыздылығы мен ғаламдық сипатын растайды.

Жоба аясында Қазақстандағы химиялық заттарды басқаруға бойынша жағдайға жүргізілген шолу, Қазақстанның химиялық заттар мен қалдықтарды ұтымды реттеу мәселесіндегі барлық жаһандық және өңірлік бағыттардың белсенді қатысушысы болып табылатынын көрсетті. Сонымен, Қазақстан химиялық заттар бойынша негізгі келісімдердің: орнықты органикалық лаптағыштар туралы Стокгольм конвенциясының; қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды бақылау туралы Базель конвенциясының; Халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала негізделген келісім рәсімі туралы Роттердам Конвенциясының; озон қабатын бұзатын заттар жөніндегі Монреаль хаттамасының тарабы болып табылады; ХЗХРСТ қатысушысы; сынап туралы Минамат конвенциясына қосылу жөнінде жұмыс жүргізілуде; «Қоршаған орта және денсаулық» Еуропалық процесі шеңберіндегі кеңестер мен іс-шараларға тұрақты қатысады және тиісті міндеттемелерді қабылдайды; халықаралық медициналық-санитарлық ережелер шеңберінде өзіне міндеттемелер алды. Алайда, химиялық заттар саласындағы халықаралық шарттарды іске асырудың негізгі және жалпы проблемасы уәкілетті мемлекеттік органдар әлеуетінің төмендігі болып табылады.

Бұл, олардың республиканың стратегиялық және заңнамалық құжаттарына нашар енгізілуін түсіндіреді. Химиялық заттардың халық денсаулығы мен қоршаған ортаға әсерінің қауіп-қатерінің барлық тереңдігін түсінбейтіндігін көрсетеді. Негізгі проблемалық мәселелер химиялық заттарды реттеудің саяси мәртебесінің төмендігі, химиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша ведомствоаралық және сектораралық өзара іс-қимылдың әлсіздігі, функциялардың бытыраңқылығы, химиялық заттарды реттеу жөніндегі жалпы бірыңғай басқарушы/үйлестіруші органның болмауы, химиялық заттардың халық денсаулығына әсері мәселелерінде мемлекеттік органдар мен қоғамның әлеуетінің төмендігі және нашар хабардар болуы, химиялық заттармен тиісінше жұмыс істеу жүйесінің болмауы болып отыр.

Адамның биомониторингі бойынша өте аз зерттеулер жүргізілгендіктен, қауіпті химиялық заттардың, әсіресе тұтынушылық өнімдердің халыққа әсерін бағалау мүмкін емес. Сондай-ақ тиісті басқарушылық шешімдер қабылдау үшін химиялық заттардың, тұтыну тауарларының, ластанған аумақтарды қоса алғанда, экологиялық және өндірістік факторлардың халықтың және қызметкерлердің денсаулығына әсер ету тәуекелдерін, әсіресе оның сандық есебін бағалау жүйесі нашар дамыған.

Шолу нәтижелері бойынша химиялық заттарды басқару бөлігінде Қазақстан Республикасындағы жағдайды жақсарту бойынша ұсынымдар әзірленді.

Мынадай бағыттар басым болып қалады: халық пен қызметкерлердің денсаулығын қорғау; саяси, құқықтық және институционалдық негіз құру жолымен химиялық заттарды реттеу мен басқаруды күшейту; қауіпті қалдықтарды, оның ішінде тарихи қалдықтарды реттеу мен барынша азайту және ластанған аумақтарды қалпына келтіру; өнеркәсіптік процестер мен ауыл шаруашылығына табиғат қорғау практикаларының ең үздік түрлерін енгізу; деректер жинауды, талдауды және ақпарат беруді жетілдіру.

Стратегиялық экологиялық бағалау, көзделіп отырған шаруашылық қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау, экологиялық және әлеуметтік ықтимал тәуекелдерді сандық бағалау шаралары ескерту мен алдын алудың негізгі құралдары болуы тиіс.

Экономика және денсаулық сақтау секторларындағы экологиялық факторларды есепке алуды қоса алғанда, қолданыстағы экологиялық саясатты талдау бөлігінде Қазақстан үшін уақтылы демеу ЭҚНШ-3<sup>5</sup> нәтижелері болды, онда нақты, оның ішінде денсаулық сақтау, химиялық заттарды басқару мәселелері бойынша ұсынымдар берілді. Олардың негізгілері келесідей:

Үкімет халықтың денсаулығын сақтау мен қоршаған ортаны қорғау қажеттерін қанағаттандыратын және ТДМ шеңберінде 3.9-міндетті іске асыруға ықпал ететін химиялық заттарды реттеу жүйесін қалыптастыру қажет, соның ішінде :

◇ қоршаған орта гигиенасы мәселелері бойынша, химиялық қауіпсіздікті қоса алғанда ведомствоаралық үйлестіру мен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін сектораралық өзара іс-қимыл тетігін құру, сондай-ақ ұлттық стратегиялар мен бағдарламаларды әзірлеу кезінде «Денсаулық барлық стратегияларда» қағидатын іске асыру;

◇ стратегиялық жоспарлау және шешім қабылдау процесіне денсаулық үшін тәуекелді бағалауды кең ауқымды түрде енгізуді қамтамасыз ету;

◇ қауіпті химиялық заттар мен олардың қоспаларын өндіру мен пайдалануға тыйым салуды және шектеуді қоса алғанда, қауіпті химиялық заттарды ұтымды реттеу және химиялық заттарды реттеуге қойылатын талаптар мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың жауапкершілік саласын айқындайтын заңнаманы әзірлеу бойынша бастама көтеру;

◇ химиялық қауіпсіздік бойынша ұлттық ұйымдық құрылымды қалыптастыру;

◇ негізгі қызметі халықтың денсаулығына қауіп-қатерді бағалау және азайту мақсатында ақпарат көзі болып табылатын химиялық заттардың тізілімін құру;

◇ химиялық заттарды халықаралық реттеуге Стратегиялық тәсілді жүзеге асыру жоспарын әзірлеу жөніндегі бастаманы ұсыну;

◇ химиялық заттарды жіктеу мен таңбалаудың жаһандық деңгейде келісілген жүйесіне көшуді қамтамасыз ету;

◇ қауіпті химиялық заттардың халыққа әсерін бағалау үшін адамның биомониторингі шеңберінде тұрақты тексерулер жүргізу.

Химиялық заттарды ұтымды реттеу жоғары деңгейдегі басымдыққа айналуы керек. Бұл мәселе саяси көшбасшылар, ел дамуының экономикалық және әлеуметтік аспектілеріне химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаттарын енгізуге жауап беретін уәкілетті мемлекеттік органдар үшін басым мәселелердің бірі болғанға дейін, қойылған міндеттерді орынды шешу мүмкін емес болып қала береді.

Химиялық заттарды ұтымды реттеу жүйесін жетілдіру Қазақстан Республикасы саясатының маңызды бағыты болып табылады. Жоба шеңберінде жобаға қатысушы барлық елдерге көрсетілген консультативтік көмек те қажет.

<sup>5</sup> [https://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/epr/epr\\_studies/ECE.CEP.185.Rus.pdf](https://www.unece.org/fileadmin/DAM/env/epr/epr_studies/ECE.CEP.185.Rus.pdf)

Жоба аясындағы жиналыстар мен тренингтерге қатысушылар қауіпті химиялық заттардың қатерін азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын жасау кезінде нақты іс-қимылдарды анықтау үшін ДДСҰ жол картасы нұсқаулығын іс жүзінде қолдану мәселелерін қарастырды. Қауіпті химиялық заттардың әсер ету қатерін азайту жөніндегі практикалық шараларды жоспарлау үшін қажетті құжаттар мен шетелдік озық практикалардың мысалдары, химиялық қауіпсіздік саласындағы іс-қимылдарды жоспарлау жөніндегі ЮНИТАР құжаттары және ЕО химиялық заттары мен қоспаларының тіркелімдерін қалыптастыру тәжірибесі талқыланды.



Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық және нормативтік-техникалық құжаттарын, сондай-ақ Қазақстандағы химиялық заттармен жұмыс істеу бойынша ағымдағы жағдайға шолу жүргізу және бағалау негізінде Қазақстанда химиялық заттарды ұтымды реттеу жүйесін құру үшін ұлттық жол картасы әзірленді. Химиялық заттарды басқару бойынша ахуалға шолу «Қазақстан Республикасындағы химиялық заттарды басқару» скринингтік бағалауында ұсынылған.

Ағымдағы жағдайды скринингтік бағалау барысында анықталған олқылықтар мен қажеттіліктер Жол картасында көрсетілген. Жол картасы сектораралық өзара іс-қимыл барысында әзірленді және Жобаның веб-сайтында жобаны жариялау арқылы ашық талқылау барысында келісілді. Республикада химия-

лық заттарды ұтымды басқарудың тиімді жүйесін құру үшін 5 басым бағыт айқындалды:

- ◇ заңнаманы жетілдіру;
- ◇ институционалдық негізді нығайту;
- ◇ халықтың денсаулығын сақтау және денсаулық сақтау секторының рөлі;
- ◇ қоршаған орта мен өндірістік ортаның ластануын азайту, тұтыну тауарларының қауіпсіздігі;
- ◇ өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы техника мен технологияларды жетілдіру;
- ◇ мүдделі тараптардың әлеуетін арттыру және ақпарат алмасу.

Жол картасында ұсынылған ұсынымдар химиялық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органдар, жергілікті атқарушы органдар, өнеркәсіп және басқа да мүдделі тараптар үшін қолдануға лайық. Уәкілетті органдар Жол картасына өз ескертулерін ұсынды, ол химиялық заттарды ұтымды басқару жүйесін дамытуға, орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге, «Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдаманы іске асыруға және химиялық заттардың халық денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіпті әсерін төмендетуге ықпал ететіні анық.

## 4.2. ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ТІРКЕЛІМІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЖЕТІЛДІРУ

Елдегі химиялық қауіпсіздік мәселелері химиялық заттар қолданылатын шаруашылықтардың барлық өмірлік салаларын қамтитын заңнамалық және басқа да нормативтік құқықтық актілермен және әртүрлі деңгейдегі құжаттармен реттеледі. Оларға Кодекстер, Заңдар, Үкімет қаулылары, Техникалық регламенттер, жекелеген министрліктер мен ведомстволардың Бұйрықтары, ҚР мемлекеттік стандарттары (ҚР СТ), мемлекетаралық стандарттар (МЕМСТ), санитарлық ережелер (СЕ), Нұсқаулықтар, ТШ, РНҚ және т.б. жатады.

Химиялық қауіпсіздік саласындағы негізгі заң 2007 ж. «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады. Заңда адам денсаулығына және қоршаған ортаға әсер ететін химиялық заттар мен олардың өмірлік циклі процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті талаптар айқындалған, химиялық заттардың жіктелуі ұсынылған, қауіпті бағалау және қауіпсіздік паспорттарын әзірлеу қажеттілігі көрсетілген. Химиялық заттарды жіктеу және таңбалау ұлттық НҚА-да көзделген, олар: ҚР 19.11.2010 ж. № 1219 «Уытты және уыттылығы жоғары заттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті, ҚР СТ 1185-2006 «Химиялық өнімнің қауіпсіздік паспорты. Химиялық өнімді алдын ала таңбалау кезінде көрсетілетін қауіптіліктің стандартты символдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі №115 бұйрығы химиялық заттарды жіктеу мен таңбалаудың жаһандық деңгейде келісілген жүйесінің (ЖКЖ) талаптарына ішінара сәйкес келеді. Қолданылатын мемлекетаралық МЕМСТ 32424-2013 «Қоршаған ортаға әсері бойынша химиялық өнімнің қауіптілігін жіктеу», МЕМСТ 32419-2013 «Химиялық өнімнің қауіптілігін жіктеу» 4-ші қайта қаралған басылымның ЖКЖ-ге сәйкес әзірленген.

Осылайша, бағдарламалық құжаттарды қоса алғанда, ұлттық заңнаманың талаптары, әсіресе Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу, химиялық қауіпсіздік саласындағы халықаралық шарттардың талаптарын іске асыру жөніндегі шаралар бөлігінде, халықтың денсаулығын қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан қабылданатын шешімдердің салдарларын бағалауда, сондай-ақ соңғы қайта қаралған басылымның ЖКЖ-ін ескере отырып, пысықтауды қажет етеді.

Осы өзгерістер мен толықтырулар Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 3 наурыздағы №19 шешімімен қабылданған «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы»<sup>6</sup> Еуразиялық экономикалық одақтың 041/2017 Техникалық регламенті қолданысқа енгізілген сәттен бастап іске асырылып, Беларусь және Қазақстан Республикалары үшін ЕАЭО аумағында қауіпсіз химиялық заттардың айналысын реттейтін негізгі құжат болып табылады.

Қолданыстағы жағдайларда химиялық заттарды тіркеу, пайдаланылатын/ әкелінетін химиялық заттар туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік бермейді.

<sup>6</sup> [http://www.eurasiancommission.org/ru/act/texnreg/deptexreg/tr/Pages/TR\\_EEU\\_041\\_2017.aspx](http://www.eurasiancommission.org/ru/act/texnreg/deptexreg/tr/Pages/TR_EEU_041_2017.aspx)



«Химиялық өнімді тіркеу және есепке алу ережелеріне» (Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 16 маусымдағы № 694 бұйрығы), «Пестицидтерді (улы химикаттарды) тіркеу, өндірістік сынақтарын жүргізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларымен» (ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 331 қаңтардағы №4-4/61 бұйрығы), «Қазақстан Республикасында ықтимал қауіпті химиялық өнімнің тіркелімін жүргізу қағидаларымен» (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 мамырдағы № 406 бұйрығы) сәйкес құрылатын бар тіркелімдер, тізімдер, тізбелер жекелеген санаттағы химикаттарға (пестицидтер, жанар-жағармай материалдары, химиялық заттарды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер) ғана қатысты және ел аумағында пайдаланылатын химикаттардың көлемі мен номенклатурасы туралы толық түсінік бермейді.

«Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» ЕАЭО ТР 041/2017 талаптарына сәйкес келетін ХЗ онлайн тіркеуді қамтамасыз ету жөніндегі міндетті іске асыру үшін ұлттық деңгейде ықтимал қауіпті химиялық заттардың тіркелімін жүргізу қағидаларының жобасы әзірленді. Ұлттық тіркелімдердің құрылымы ұлттық сарапшылардың (үш елден) және ДДСҰ шақырған халықаралық сарапшылардың толық консультациялары барысында келісілді. Қазақстанда тіркелімнің ұсынылып отырған құрылымы 2020 жылғы 3 наурыздағы кеңесте ҚР ДСМ мемлекеттік органдары мен зертханалық қызметтерінің өкілдерімен және ҚДСҰО талқыланды. Сондай-ақ, өнеркәсіптік химиялық заттардың есебін жүргізуге және тіркеуге жауапты ҚР ИИДМ мамандарымен кездесулер ұйымдастырылды.

Қағидалардың қолданысы айналымға, әзірлеуге, қайта өңдеуге, өндіруге, сатып алуға, өткізуге, сақтауға, пайдалануға және жоюға қатысты келесі химиялық өнімдерге қолданылмайды:

1. есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар;
2. жарылғыш және пиротехникалық заттар;
3. улар;
4. пестицидтер (улы химикаттар);
5. алынбаған айдалы қазбаларға;
6. дайын дәрілік препараттар;
7. радиоактивті заттар, материалдар мен қалдықтар.

Химиялық өнімдерді тіркеу процесі мыналарды қамтиды:

1. өтініш берушінің химиялық зат/қоспа туралы қажетті құжаттарды салу, шешімді дайындаумен зертханалық зерттеулерге байланысты соманы төлеуді ескере отырып, мәліметтерді тіркелімге электрондық түрде енгізуі;
2. уәкілетті тұлғамен қарау, химиялық затты / қоспаны токсикологиялық бағалау нәтижелері бойынша қауіптілігі жоқ / бар екендігі туралы шешімді қабылдау жүргізіледі, шешім анықтама түрінде электрондық түрде ұсынылады;
3. ықтимал қауіпті химиялық заттар туралы мәліметтер өзгерген кезде тіркелімді жаңарту жаңа ақпараттың түсуіне қарай автоматты режимде жүзеге асырылады;

4. талдау жүргізу, статистикалық деректерді дайындау;
5. химиялық заттарды/қоспаларды жіктеу және таңбалау, зерттеу әдістемесі және тіркеу рәсімдері мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету.

### **4.3. ДАЙЫНДАЛҒАН КАДРЛАР – ТАБЫС НЕГІЗІ**

Қазақстанда химиялық қауіпсіздік саласындағы мамандарды даярлаумен оқу орындары, уәкілетті министрліктер мен ведомстволар, консалтингтік орталықтар айналысады. Елде химия, токсикология, өнеркәсіптік экология және қоршаған ортаны қорғау бойынша арнайы бағдарламалар мен мамандар даярлау курстары бар ондаған жоғары оқу орындары істейді. Сондай-ақ, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау саласындағы министрліктер мен ведомстволардың мамандарын қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарының жүйесі бар.

Алайда, химиялық заттармен қауіпсіз жұмыс істеу принциптерін оқытуға аз көңіл бөлінеді және кейбір бағдарламаларда тіпті қарастырылмаған. Бұл ретте өнеркәсіптік кәсіпорындардың өкілдері химиялық қауіпсіздік, химиялық заттармен қауіпсіз жұмыс істеу нормалары, мемлекеттік бақылау және басқа да аспектілер мәселелері бойынша заңнама талаптарын түсіндіру бойынша оқыту семинарларын тұрақты түрде өткізу қажеттігін үнемі атап өтеді. Өнеркәсіптің химиялық заттарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету және тәуекелді азайту саласындағы бастамалары көбінесе экономикалық жағдайлармен (шетелдік әріптестермен сауда қатынастары және т.б.) негізделген, бұл қауіпті химиялық заттарды реттеу мәселелерінде мемлекеттік қызметшілердің, оның ішінде кеден қызметі қызметкерлерінің, сынақ орталықтары мен өнеркәсіп менеджерлерінің әлеуетін үнемі арттыруды талап етеді.

Сапалы оқыту арқылы ғана елеулі өзгерістерге және химиялық заттарды өндірудің, пайдаланудың, тасымалдаудың, сақтаудың, жоюдың жекелеген кезеңдерінде қауіпсіз жұмыс істеу жүйесін жақсарту бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Қазіргі уақытта еліміз әлі де кадрлық және техникалық әлеуетті дамытуды, сондай-ақ ұлттық деңгейде де, өңірлер деңгейінде де қалыптасқан бақылау жүйесі жағдайында химиялық заттар айналымын қауіпсіз басқаруды жүзеге асыруға көмектесетін ақпараттық және қаржылық ресурстармен қамтамасыз етуді қажет етеді. Химиялық қауіпсіздік мәселелерін оқытуда семинарлар мен тренингтерге, оның ішінде халықаралық тренингтерге үлкен рөл бөлінген.

Кадрлық әлеуетті нығайту, химиялық заттарды ұтымды басқару проблемалары туралы хабардарлықты арттыру үшін басқарудың әртүрлі деңгейлерінде және әртүрлі салаларда сарапшылардың арнайы кәсіби дайындығы қажет болды.

Ұлттық кадрлық әлеуетті нығайту жобаның басты міндеттерінің бірі болды.

2018-2020 жылдары ДДСҰ ЕӨБ жобасын іске асыру шеңберінде жоғары деңгейдегі халықаралық сарапшыларды тарта отырып, жобаға қатысушы

елдердің, сондай-ақ Шығыс Еуропа, Кавказ бен Орталық Азияның мамандары үшін 3 халықаралық тренинг өткізілді. ҚДСҰО мемлекеттік органдар мен ұйымдар, еліміздің жоғары оқу орындары мамандарының ДДСҰ ЕӨБ өткізген оқыту семинарларына қатысуын ұйымдастырды.

«Химиялық заттарды ұтымды реттеуге арналған құқықтық және ақпараттық шеңберлер» тақырыбындағы тренинг 2018 жылғы 29-30 қазан аралығында Минск қаласында (Беларусь) сәтті өтті. Семинар жұмысына республикадан Индустрия және инфрақұрылымдық даму, ауыл шаруашылығы, энергетика, денсаулық сақтау министрліктерінің өкілдері қатысты. Тренингті Беларусь Республикасы Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Н. Жукова және Беларусь Республикасындағы ДДСҰ елдік кеңсесінің басшысы Б.Бердыклычев ашты.

Жаһандық және аймақтық контексте химиялық заттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы ойымен доктор Иоганн Ф.Молтманн, УВА, Германия бөлісті.



Дәріскерлер ретінде халықаралық деңгейдегі тәжірибелі мамандар: Застенская И.А. (ДДСҰ), Моника Васиак (Громек, Химиялық заттар бюросы, Польша), Ян Юнг Ким (Химиялық заттарды реттеу қауымдастығы, Оңтүстік Корея), Джулия Карлини (CIEL), Джонатан Крюгер (сарапшы), Валери Фрисон (ЭЫДҰ) қатысты.



Семинарда РЕАСН (ЕО регламенті) қолдандудың құқықтық мәселелері, түгендеуді жүргізу, химиялық заттардың тіркелімін жүргізу және қадағалау жүйесі, химиялық заттарды басқару бойынша ұлттық стратегияларды әзірлеу және т. б. талқыланды.



Жобаға қатысушы елдердің өкілдері (Ирина Илюкова, Беларусь; Нана Габриадзе, Грузия; Насима Жүнісова, Қазақстан) өз елдеріндегі химиялық заттарды басқару жағдайыбойынша скринингтік бағалау нәтижелерін ұсынды. Тренингтің маңызды бөлігі қатысушы елдердің ұлттық контекстінде теориялық материалдарды қолдану мақсатында әзірленген практикалық жаттығулар болды.



Түрлі сала мамандары үшін халықаралық тренинг Нұр-Сұлтан қаласында (Қазақстан) 2019 жылғы 9-12 сәуір аралығында өтті. «Химиялық заттарды ұтымды реттеудегі ұлттық жүйелердің негізгі элементтері: ХЗҰРХК құралдарын шешімдер қабылдау үшін пайдалану үкімет өкілдерін дайындау» тренингі «Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азияның жекелеген елдерінде

химиялық заттарды ұтымды реттеу үшін ұлттық жүйелердің негізгі элементтерін құру» және «Химиялық заттарды басқару саласында шешімдер қабылдау үшін ХЗҰРХК құралдары - III кезең: әзірлеуден іс-әрекетке дейін» жобалары шеңберінде бірлескен іс-шара ретінде ұйымдастырылды. 11 елдің өкілдері: Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Моңғолия, Тәжікстан, Украина және Өзбекстан тәжірибе алмасты, жалпы саны 84 адам қатысты, оның ішінде Қазақстаннан 45 қатысушы болды.



Алдағы халықаралық тренингке қатысуға республиканың барлық дерлік министрліктері және басқа да ұйымдардың өкілдері қызығушылық танытты, олар іс-шара туралы БАҚ-дағы хабарландырулардан және Жоба сайтындағы хабарландырулардан ақпарат алған. Тренингтің өзектілігі, атмосфералық ауаның, топырақтың, жер асты сулары мен су қоймаларының ластануы бойынша ағымдағы жағдай және олардың халықтың денсаулық жағдайына әсері білім беру мекемелерінің өкілдері мен журналистерді де қызықтырды. Сондай-ақ, Қазақстан тарапынан мемлекеттік мекемелердің, зертханалық қызметтердің, ҰЕҰ, өнеркәсіптік кәсіпорындардың, жоғары оқу орындарының қызметкерлері, республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының журналистері қатысты. Журналистер тренингті өткізу барысын баяндап, Еуропаның жетекші сарапшыларының химиялық заттардың қауіпсіз айналымы шаралары жөніндегі пікірлеріне қызығушылық танытты.



Тренингті Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының директоры доктор Уалихан Ахметов, ДДСҰ-ның Қазақстандағы елдік кеңсесінің директоры Олег Честнов және ДДСҰ штаб-пәтерінің өкілі Керстен Гутшмит ашты.



Тренингте спикерлер ретінде Керстен Гутшмит (ДДСҰ штаб-пәтері) және Ирина Застенская (ДДСҰ Еуропалық қоршаған орта және денсаулық орталығы), Семира Хайрлахович-Мехик (Словения), Рафаэлла Крести (Италия), Ольга Борис және Светлана Петрова (Беларусь), Андреа Караро (БҰҰ оқу және ғылыми-зерттеу институты), Амая Джаноси (Химия өнеркәсібі жөніндегі Еуропалық Кеңес) қатысты.

Тренинг барысында химиялық заттардың өмірлік циклінің тізбегінде қауіпсіз басқару саласында шешімдер қабылдау үшін ИОМС құралдарын пайдалану, химиялық заттар мен олардың қоспаларын жіктеу және таңбалау жаһандық деңгейде келісілген жүйесін енгізу бойынша шараларды іске асыру; химиялық қауіпті бағалау (халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға әсері), химиялық заттарды, с.і. биоцидтерді мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібі талқыланды.



Адам денсаулығы мен қоршаған орта үшін химиялық заттардың қауіптілігін бағалау, химиялық заттар мен қоспаларды жіктеу бойынша оқыту ситуациялық есептерде жүргізілді.

2019 жылғы 11-13 қараша аралығында Минск қаласында (Беларусь) «Химиялық заттарды ұтымды пайдаланудың ұлттық жүйесінде денсаулыққа және қоршаған ортаға әсер етуі мен қауіп-қатерін бағалау» тақырыбында оқыту тренингі өтті.



ҚДСҰО-ғы ҚР ДСМ Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті, ИИДМ, ЭГТРМ, санитарлық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығы мамандарының, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының 3 медицина университеті: Астана медицина университеті, Асфендияров атындағы медицина университеті, Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі оқытушыларының қатысуын ұйымдастырды.



Тренингті Денсаулық сақтау министрінің орынбасары, БР бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Н.П. Жукова, гигиена ғылыми-практикалық орталығының директоры С.И. Сычик ашты.



Оқытуды халықаралық жаттықтырушылар: Ирина Застенская және Джудия Новаски (ҚОДСЕО), Отто Ханье (Финляндия), Катерина Себкова (Чех Республикасы), Милена Хорват (Словения) жүргізді. Тренинг адам биомониторингі, бірнеше химиялық заттардың аралас әсерінен болатын қауіптерді бағалау және химиялық заттардың адам денсаулығына әсерін бағалау сұрақтары бойынша өткізілді. Теориялық бөлім диоксиндердің қатерлі ісіктің дамуына, метилсынаптың және қорғасынның сананың дамуына, гипертонияға және т. б. әсерін бағалау бойынша практикалық жаттығулармен қатар жүрді. Қатысушылар практикалық тапсырмаларды шешуге, алынған нәтижелерді талқылауға белсенді қатысты.

Халықаралық оқыту тренингтері барысында алынған материалдар кейіннен химиялық заттарды реттеу саласында жұмыс істейтін органдар мен ұйымдардың мамандарын үздіксіз оқыту бағдарламасын дайындауға және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органдар мамандарының санатын арттыру үшін пайдаланылды.

Білім берудің үздіксіздігі мен бірізділігін қамтамасыз ету мақсатында елдегі жоғары медициналық оқу орындарына оқыту бағдарламаларына келесі сұрақтар бойынша өзгерістер енгізу туралы ұсыныс жіберілді:

1. Химиялық заттарды ұтымды реттеу жүйесінің негізгі элементтері (химиялық заттарды олардың өмірлік циклі бойында басқару және ақпараттық ресурстар; жаһандық деңгейде келісілген химиялық заттар мен олардың қоспаларын жіктеу және таңбалау жүйесі және оны ұлттық деңгейде енгізу; химиялық заттардың қатерін бағалау; заңнаманың сақталуын бақылауды жүзеге асыру). Химиялық заттарды ұтымды реттеуді қамтамасыз етудегі қоғамдық денсаулық сақтаудың рөлі мен функциялары.

2. Химиялық заттарды, тәуекелдерді және төтенше жағдайларды ұтымды басқаруға арналған құқықтық және ақпараттық құрылымдар. Еуразиялық экономикалық одақта («Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» ЕАЭО 041/2017 техникалық регламенті) және Еуропалық Одақта (ЕСНА, REACH, SAICM/ХЗХРСК) химиялық заттарды реттеу сұрақтары.

3. Қауіп-қатер картасын ескере отырып, халықтың денсаулық көрсеткіштерімен өзара байланыста ықтимал қауіпті химиялық заттармен ластанған аумақтардағы экологиялық және санитарлық-гигиеналық жағдайдың мониторингі. Атмосфералық ауаның, топырақтың, судың, тамақ өнімдерінің қауіпті химиялық заттармен ластануының халық денсаулығына бірлескен әсерін анықтау, жұқпалы емес аурулардың, оның ішінде онкологиялық аурулардың даму қаупі факторлары.

4. Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы халықтың денсаулығына қауіп-қатерді талдау және тіршілік ету ортасының сапасын басқару.

5. Халық денсаулығына канцерогендік қауіп-қатерге талдау жүргізу кезеңдерінің негізгі қағидаттары (кәсіпорындар шығарындыларын және оларды орналастыру орындарын канцерогендік және канцерогендік емес қауіптілік шамасы бойынша саралау; қауіпті одан әрі бағалау үшін басым заттарды айқындау; барлық аумақтардағы мониторинг деректері және бірқатар аумақтардағы басым шығарындыларды модельдеу деректері негізінде экспозицияның сандық бағалауын орындау; көп жанама әсерлерді бағалай отырып, мониторинг және модельдеу деректері бойынша канцерогендік, канцерогендік емес қауіп пен денсаулыққа зиянын есептеуді жүргізу; ең басым көздердің әсерінен денсаулыққа қауіпті төмендету бойынша ұсынымдар әзірлеу).

6. Химиялық сипаттағы және ТЖ апаттық жағдайларында туындайтын зақымданулар мен аурулар кезінде диагностикалау және емдеу хаттамалары. Химиялық заттардан зардап шеккендерге көмек көрсету әрекеті мен өзара әрекеттесу алгоритмдері.

7. Токсикологиялық мониторингтің электрондық жүйелері.

Халықаралық тренингтер материалдарының негізінде мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының, зертханалық қызметтердің, жоғары және орта-арнайы білім беру мекемелерінің, өнеркәсіптік кәсіпорындардың қызметкерлері, химиялық өнімдерді жеткізушілер мен импорттаушылар және т. б. үшін оқыту семинарлары өткізілді.

Оқыту бағдарламасына ел үшін өзекті болып табылатын тақырыптар енгізілді:

1. Қазақстан Республикасында химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі заңнамалық талаптар. ҚР, ЕАЭО ақпараттық жүйелері. Химиялық заттарды реттеу құралдары.

2. Өнеркәсіптік химиялық заттардың қауіптерін басқару схемасы.

3. Химиялық қауіпсіздіктің халықаралық стандарты: жаһандық деңгейде келісілген химиялық заттарды жіктеу және таңбалау жүйесі.

4. Қауіпті химиялық заттар мен жүктерді жіктеу, таңбалау, затбелгі жапсыру: Қазақстандағы практика және халықаралық талаптар.

5. Тәуекелдің адам денсаулығына әсерін бағалау. Тәуекелдерді басқару.

Барлық материалдар Жобаны іске асыру барысы туралы халықты хабардар ететін жеке интернет-парақшасы ашылған ҚДСҰО сайтына орналастырылды.

2020 жылғы 5-7 ақпан аралығында Алматы қаласында алғашқы ұлттық тренинг өткізілді.

Ұлттық тренинг жұмысына 76 адам қатысты:

◇ республиканың әртүрлі өңірлеріндегі 20-дан астам өнеркәсіптік кәсіпорындардан: «ҚазМұнайГаз» ҮК» АҚ, «ҚазМұнайГаз» БӨ АҚ, «ҚазМұнайТеңіз» ТМК АҚ, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, «Павлодар мұнай-химия зауыты» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Рудный цемент зауыты» ЖШС, «Жоғары технологиялар институты» ЖШС, «Хим-плюс» ЖШС, «Қазфосфат» ЖШС, «ҚазАзот» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп ҰАК» АҚ және т. б.;

◇ Республиканың 4 министрлігінен: Денсаулық сақтау, Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Экология, геология және табиғи ресурстар, Ауыл шаруашылығы;

◇ 4 жоғары оқу орны: «ҚДСЖМ» КММ, С. Д. Асфендиярова атындағы «ҚазҰМУ» КеАҚ, «Астана медицина университеті» КеАҚ, «Жоғары технологиялар институты» АҚ;

◇ 5 зертханалық қызмет: «Инфекцияға қарсы препараттардың ғылыми орталығы», «Ветеринарияның ұлттық референттік орталығы», «Минералды шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі Ұлттық Орталық», «Қазгидромет» ЖШС, «Полимерлер және басқа да химиялық заттар токсикологиясының Референс-зертханалары және «Қоршаған орта объектілеріндегі химиялық заттар мен пестицидтердің қалдық мөлшерін бақылау жөніндегі референс-зертханалар»;

◇ халықаралық ұйымдар – ҚР-ғы БҰҰДБ, СДС;

◇ бұқаралық ақпарат құралдары – «Егеменді Қазақстан», «Караван» республикалық газеттері.

Тренерлер ретінде химиялық қауіпсіздік саласындағы жетекші маман: профессор В.В. Мұстафина - химиялық қауіпсіздік саласындағы көптеген халықаралық жобалардың жетекшісі және қатысушысы, мысалы, «Тұрақты органикалық ластағыштар және ТОЛ түгендеу жөніндегі Стокгольм конвенциясын орындаудың ұлттық жоспарын жаңарту бойынша қызметтер», IPEN тапсырысы бойынша «Қазақстандағы сынапты ластану бойынша жағдайдың сипаттамасы» және т.б., республиканың жаңа Экологиялық кодексін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшесі; Кенесары Д. У. - қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы медицина ғылымдарының PhD докторы, химиялық факторлардан халықтың денсаулығына төнетін қатерлерді экономикалық бағалау және әдістемелік ұсынымдарды әзірлеуші шақырылды.

Қатысушылар мұндай семинарлар мен тренингтер химиялық қауіпсіздік саласында білім деңгейін арттыруға ықпал ететінін атап өтті.

COVID-19 пандемиясына байланысты бастапқы жоспар қауіпсіздік талаптары мен сақтық шараларына бейімделді және мамандарды оқыту процесі онлайн форматқа көшті.

Қазақстандағы БҰҰДБ және «Орнықты дамуға жәрдемдесу орталығы» қоғамдық қорымен бірлесіп, 2020 жылы бірқатар семинарлар өтті.



25-27 қарашада 2020 «Химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде халықаралық және ұлттық регламенттерді қолдану» халықаралық онлайн-тренингі өтті.







Тренингке құзыретіне химиялық өнімнің қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеу кіретін мемлекеттік органдар және олардың ведомстволары, сондай-ақ республиканың өнеркәсіптік кәсіпорындары қатысты. Тренингке 173 адам, олардың ішінде Сыртқы істер, Экология, геология және табиғи ресурстар, Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Денсаулық сақтау, Білім және ғылым министрліктерінің, өнеркәсіптік кәсіпорындардың, ғылыми-зерттеу институттарының, жоғары және орта арнаулы оқу орындарының, сараптама орталықтарының өкілдері, химиялық заттар мен өнімдерді импорттаушылар мен жеткізушілер қатысты.

Тренинг барысында іс-шараға қатысушылар «Халықаралық көпжақты табиғат қорғау келісімдері бойынша міндеттемелердің сақталуын қамтамасыз ету жолымен химиялық заттарды реттеу бөлігінде Қазақстан Республикасының ұлттық әлеуетін нығайту» БҰҰДБ/ЖЭҚ жобасы шеңберінде әзірленген химиялық заттарды басқару бойынша жаңартылған ұлттық бейіннің жобасын қарап, оны жақсарту бойынша ұсыныстар берді.



Ұсынылған тақырыптарды талқылау әр баяндамадан кейін сұрақ-жауап түрінде және 4 топтағы секциялық жұмыста жүзеге асырылды.



## 4.4. ХИМИЯЛЫҚ ЗАТТАРДЫ ҚАУІПСІЗ БАСҚАРУДЫҢ МІНДЕТТІ ЭЛЕМЕНТІ

Химиялық заттарды тіркеу және олардың тізілімін жүргізу тәжірибесі әлемнің көптеген дамыған елдерінде кең таралған рәсім болып табылады. Олардың арасында белгілі бір ұлттық немесе аймақтық айырмашылықтар бар, бірақ барлығының мақсаты бір – осы елдерде (аймақтарда) химиялық заттардың айналымын (өндіру, импорттау, пайдалану) мемлекеттік реттеу арқылы химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Республикада қауіпті қалдықтарды, оның ішінде химиялық қауіпті қалдықтарды (ЭГТРМ), пайдалануға рұқсат етілген пестицидтерді (АШМ), химиялық және мұнай-химия өнімдері мен қоспалардың, лак-бояу материалдары мен тұрмыстық химия тауарларының құрамындағы ықтимал қауіпті химиялық заттардың (ДСМ), химиялық заттады мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді мемлекеттік тіркеу (ИИДМ) жүзеге асырылады.

Бұл мәліметтер базасы тұтынушыларды химиялық формуладан, қауіптіліктен бастап, мысалы, ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттардың ресейлік тіркелімі немесе «Қауіпті заттар» автоматтандырылған таратылған ақпараттық-іздеу жүйесі (АТАІЖ) сияқты қауіпсіздік шараларына дейін көрсетілген химиялық заттар туралы қажетті ақпаратпен қамтамасыз етпейді. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінде көзделген «ҚР-да қолдануға тыйым салынған ықтимал қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тіркелімі» елде жүргізілмейді.

Сонымен бірге, халықаралық тәжірибе көрсеткендей химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік басқару органдары іс-қимылдарының тиімділігін арттырудың негізгі шарттарының бірі іс-қимылдарды толық үйлестіруге қол жеткізу және химиялық өнімді нарыққа жіберу және оның қауіпсіз айналымы шарттары туралы шешім қабылдау үшін барлық деңгейдегі басқару органдары үшін бірыңғай ақпараттық кеңістікті қамтамасыз ету.

Химиялық заттарды тіркеудің, бағалаудың және рұқсат беру немесе оларды ЕО елдерінде қолданудан бас тартудың нақты жүйесі қолданатын Еуропалық Одақ елдері көрнекті мысал бола алады. REACH регламентінің орындалуын әкімшілендіретін, ЕО<sup>7</sup> нарығына түсетін химиялық заттар бойынша бірыңғай базаны қалыптастыратын 600-ге жуық адамды<sup>8</sup> қамтитын жеке арнайы Агенттік және Еуропалық химиялық агенттік (European Chemical Agency (ECHA) құрылды. Бұл Еуропада өндірілетін және импортталатын химиялық заттар туралы ақпараттың бірегей көзі, олардың қауіпті қасиеттерін, жіктелуі мен таңбалануын сипаттайды, сонымен қатар қауіпсіз пайдалану, жеткізілім көлемі, құпия ақпаратқа қатысты ақпаратты қоспағанда, тасымалдаушы ұйымның саны мен атаулары туралы ақпарат береді. Тіркелген

<sup>7</sup> <https://echa.europa.eu/information-on-chemicals/registered-substances>

<sup>8</sup> [https://ru.wikipedia.org/w/index.php?title=%D0%95%D0%B2%D1%80%D0%BE%D0%BF%D0%B5%D0%B9%D1%81%D0%BA%D0%BE%D0%B5\\_%D0%B0%D0%B3%D0%B5%D0%BD%D1%82%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%BE\\_%D0%BF%D0%BE\\_%D1%85%D0%B8%D0%BC%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D1%82%D0%B0%D0%BC&stable=1](https://ru.wikipedia.org/w/index.php?title=%D0%95%D0%B2%D1%80%D0%BE%D0%BF%D0%B5%D0%B9%D1%81%D0%BA%D0%BE%D0%B5_%D0%B0%D0%B3%D0%B5%D0%BD%D1%82%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%BE_%D0%BF%D0%BE_%D1%85%D0%B8%D0%BC%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D1%82%D0%B0%D0%BC&stable=1)

заттардың химиялық қасиеттері туралы ақпарат тікелей eChemPortal арқылы қол жетімді. Қазіргі уақытта мәліметтер базасында 22700-ден астам ерекше заттар бар және 98700-ден астам құжаттардан тұрады<sup>9</sup>.

Жобаның мақсатына сәйкес Қазақстанда, Беларусьта химиялық заттар, Грузияда биоцидтердің осындай тізілімін құру жоспарланған болатын. Химиялық заттардың ұлттық тізілімін құру бойынша ЕАЭО ТР 041/2017 талаптарын орындау үшін ХЗ және қоспаларды тіркеуді енгізу қажет.

ҚР «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы Заңына сәйкес, ҚР Үкіметінің құзыретіне химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша консультативтік-кеңесші органдарды құру және тарату және салалық бағыттылыққа сәйкес уәкілетті органдар қатарынан салааралық үйлестіру жөніндегі мемлекеттік органды айқындау кіреді. 2018 жылғы 16 тамызда өткізілген Экономикалық интеграция мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесі отырысының хаттамалық шешімімен, ЕАЭО ХЗ және қоспалар тіркелімінің ұлттық бөлігін қалыптастыруға жауапкершілікті ҚР ИИДМ-ге бекітті. Үйлестіру кеңесінің отырысы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Маминнің басшылығымен өтті.


ҚР ИИДМ құрылымдық бөлімшелерінен Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті 041/2017 «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» ЕАЭО ТР іске асыру бойынша Қазақстандағы уәкілетті орган және Одақтың ХЗ және қоспалары тізілімінің ұлттық бөлігін жүргізуге жауапты болып айқындалды. ИДӨҚК өкілдері Жобаға қосылған сәттен бастап Жобаның міндеттерін іске асыруға қатысты.

Грузия ұсынған ХЗ Регистрінің электронды макетін мемлекеттік органдар талқыланды. Жоба шеңберінде ҚР-да ХЗ тізілімін құру үшін макетті пайдаланудың орындылығы мен мүмкіндіктеріне талдау жүргізілді. Жобаның бюджетінде қарастырылған қаражат Грузин тарапы ұсынған бағдарламалық жасақтаманы бейімдеуге мүмкіндік берді. Ықтимал қауіпті ХЗ тіркелімінің пилоттық нұсқасын қалыптастыру туралы шешім қабылданды.

Жоба басталғаннан бастап ақпарат алмасу, қатысушылар арасындағы консультациялар тұрақты негізде Денсаулық сақтау министрлігі, ИДӨҚК өкілдерінің, АТ-мамандарының қатысуымен онлайн және офлайн кездесулер түрінде өткізілді.

Үш елдің АТ-мамандарының алғашқы офлайн кездесуі 2018 жылғы


31 қазанда Минск қаласында ҚОДСЕО ұйымдастырған халықаралық тренинг барысында өтті, онда білім беру үшін ақпараттық жүйені құру туралы бірлескен талқылау өтті. Грузияның АТ-мамандары болашақ ұлттық тіркелімнің электрондық макетін ұсынды.



<sup>9</sup> <https://echa.europa.eu/information-on-chemicals/registered-substances>

Үш тараптың қатысушылары ХЗ мен қоспаларды тіркеу жөніндегі ақпараттық базаның жобасымен мұқият танысып шығып, ұсынылған үлгіні ЕАЭО ТР 041/2017 «Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы» талаптарына келтіру қажеттігі туралы ұсыныстар берді.

Кейінгі офлайн кездесулер 2019 жылы Нұр-Сұлтан (сәуір) және Тбилиси (қазан) қалаларында өтті, онда проблемалық мәселелер талқыланып, басқа елдердің тәжірибесі зерттелді және химиялық заттар тіркелімі құрылымының түпкілікті нұсқасы келісілді.



Ұлттық тіркелімдердің құрылымы ұлттық сарапшылардың (үш елден) және ДДСҰ шақырған халықаралық сарапшылардың қарқынды консультациялары барысында келісілді. Қазақстанда тіркелімнің ұсынылған құрылымы мемлекеттік органдардың, зертханалық қызметтердің және ҰЕҰ өкілдерімен талқыланды. Сондай-ақ, өнеркәсіптік химиялық заттардың есебін жүргізуге және тіркеуге жауапты ИИДМ жауапты мамандарымен кездесулер ұйымдастырылды. Алынған ұсынымдар негізінде ықтимал қауіпті ХЗ тізілімін жүргізу ережелерінің жобасы дайындалды және қарау үшін ҚР ДСМ-ге жіберілді.

Регистр үш бөліктен тұрады:

- ◇ кәсіпорынды/өтініш берушіні тіркеу
- ◇ химиялық заттарды тіркеу
- ◇ қоспаны тіркеу.


Химиялық затты немесе қоспаны тіркеу/авторизациялау туралы шешім қабылдау үшін ұсынылуы тиіс ақпарат:

- ◇ химиялық зат туралы ақпараттық деректер;
- ◇ қауіптілігі және жіті уыттылығы туралы, қоршаған ортаға әсері туралы, ТЖ бақылау және алдын алу шаралары туралы, қауіпсіз жұмыс істеу және тасымалдау шарттары туралы мәліметтерді, дайындаушы туралы мәліметтерді қамтиды.

Химиялық зат/қоспа бойынша сараптамалық токсикологиялық қорытынды Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК филиалының «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама және мониторинг ғылыми-практикалық орталығымен» беру көзделген.


Бағдарламалық қамтамасыз етуді бейімдеу 2020 жылдың қазан айынан бастап АТ-мамандармен жүргізілді. Серверде БЖ-ның дұрыс жұмыс істеуі үшін қажетті тиісті бағдарламалық жасақтама орнатылды және іске қосылды.

Осал жерлерді анықтау үшін жобаға талдау жүргізіліп, анықталған бірқатар кемшіліктер жойылды. Жүйені орнату және бағыттау бойынша толық нұсқаулық; жүйені орнату процесін автоматтандыруға арналған арнайы скриптер әзірленді.



Жүйені орнату жөніндегі нұсқаулық қателер тестілеу барысында жойылды. <http://chemical.hls.kz/>

10 химиялық заттарды/өнімдерді тіркеу арқылы бағдарламалық қамтамасыз етуді тестілеу жүргізілді: ЖШС «Центр «Содействие устойчивому развитию Республики Казахстан» – 1,2-Ethanediol, Sulfur; ЖШС «Kaz Chemicals Trading House» – Potassium chloride; ЖШС «Евро-Хим Каратау» – Ammonium nitrate; ЖШС «Baydala» – Bovi-Cu, Magnesium hydroxide, (2-Hydroxyethyl) ammonium dihydrogen orthoborate, Urea; ЖШС «Южный полевод» – Potassium sulfate, Potassium dihydrogen phosphate.



Жобаның аударылған нұсқасы бар мәліметтер базасы

Қазақстан Республикасы әлі де тіркелімнің пилоттық нұсқасынан толық жұмыс режиміне бірқалыпты өтуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кадрлық, техникалық, ақпараттық және қаржылық ресурстарды қажет етеді.

ЕО елдерінде REACH регламентін енгізудің он жылдан астам тәжірибесі, сондай-ақ мүше мемлекеттерде ЕАЭО 041/2017 ТР енгізу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс химиялық заттарды тіркеуді ұйымдастыру оңай емес, терең процесс екенін көрсетті. Қиындықтар осы процесті жүзеге асыру кезінде ескерілуі керек көптеген нюанстармен тығыз байланысты.

Химиялық тіркелім

Треху құжаттама Төлөмдер

Жұмыс түрі \* Треху

Треху нөмірі 2813627862

Өнім түрі \* Белсенді зат / химиялық зат

Қолдану саласы \* Басқалар

Өнімді сәйкестендіру

Зат \*  $\beta$ -methyl S (1-methylthio)benzimidazolium

Заттың атауы \*  $\beta$ -methyl S (1-methylthio)benzimidazolium

SAS нөмірі \* 123109-85-5

ЕС нөмірі \* 412-050-4

Синонимдер және аббревиатуралар \* Blue Ice

EINECS нөмірі

Импорту / Экспорту мақ

Техникалық атауы \* Beta

Сауда атауы \* Beta

Өндірісі туралы апарат

Өндіріс алауы \* Beta

Қаптардың көлемі және жиілігі (өндіріс)

Өндіріс елі \* Қазақстан

Облыс 12

Аудан 12

Қала / елді мекен 123

Мәкин жай \* 123

Жобаның толық локализацияланған нұсқасы

Химический Реестр

	Имя компонента	Имя производителя	Номер авторизации	Наименование организации	Статус	комментарии
1	(2-Hydroxyethyl...	Lebosol Düng...	1121136304	TOO "Baydala"	Перенаправлено	
2	Bovi-Cu	Lebosol Düng...	2609294703	TOO "Baydala"	Перенаправлено	
3	Potassium chlor...	АО «ФосАгро...	2320744996	TOO "Kaz Che...	Перенаправлено	
4	Magnesium hydro...	Lebosol Düng...	122278516	TOO "Baydala"	Уточняется	не полный пе...
5	Urea	АО «Объедине...	908708851	TOO "Baydala"	Подтверждено	
6	Potassium sulfate	Открытое ащ...	1265459632	TOO "Южный п...	Подтверждено	
7	Ammonium nitrate	АО «Невиномы...	445619687	TOO "Евро-Хи...	Подтверждено	
8	1,2-Ethandiol	ПАО «Нюкчека...	2550990981	TOO "Центр "...	Подтверждено	
9	Potassium dihyd...	Открытое ащ...	1918728245	TOO "Южный п...	Отклонено (акт. позиция)	не представ...
10	Sulfur	TOO "Жақолмай"	2136113407	TOO "Центр "...	Отклонено (акт. позиция)	паспорт безо...

Толығымен локализацияланған әкімші панелі

## Қорытындылар мен ұсыныстар

Жобаға қатысу химиялық заттармен байланысты мәселелердің өзектілігін түсінуге және шешудің мүмкіндігін, сонымен қатар химиялық заттарды ұтымды басқаруға қол жеткізу үшін негізгі басым бағыттарды анықтауға ықпал етті:

◇ қауіпті химиялық заттардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға әсер етуіне байланысты жұқпалы емес аурулардың көптеген ауыртпалығының алдын алуға инфрақұрылымдық дамуды, индустрияны, денсаулық сақтауды, ауыл шаруашылығын, білім мен ғылымды, әлеуметтік қорғау мен қоршаған ортаны қорғауды қамтитын тиімді сектораралық өзара іс-қимыл жағдайында ғана қол жеткізуге болады;

◇ химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемаларын шешу химиялық заттардың өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде - өндіру, тасымалдау, сақтау, сату, тұтыну және кәдеге жаратуда шаралар қабылдауды талап етеді;

◇ әсер етудің негізгі компоненттері мыналар болып табылады: химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жалпыұлттық бағдарламасын/стратегиясын әзірлеуге бағытталған саясатты жетілдіру, үкіметтік деңгейде НҚА, халықаралық келісімдердің сақталуы мен мониторингін тиісті бақылауды сектораралық үйлестіру жөніндегі орган құру.

Келісілген басым іс-қимылдар мыналарды қамтиды:

◇ халық денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауға ерекше назар аудара отырып, халық шаруашылығы саласының барлық секторларына және химиялық қауіпсіздік саласындағы басқару тетіктеріне инвестициялардың маңыздылығы туралы министр-

ліктер, депутаттар және өнеркәсіп секторлары басшыларының негізгі мүдделі тараптарының ақпараттануын/хабардар болуын арттыруды қолдау;

◇ химиялық заттарды ұтымды реттеу бойынша қабылданатын шаралардың есептілігі және химиялық қауіпсіздік саласындағы басқару тетіктерінің әлеуетін арттыруға қатысты олқылықтарды анықтау және ұсынымдар әзірлеу;

◇ химиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында қысқа мерзімді курстарды және үздіксіз университеттік білім беру бағдарламасын әзірлеу және енгізу;

◇ химиялық заттарды/қоспаларды пилоттық нұсқада онлайн-тіркеуді қамтамасыз етудің әзірленген бағдарламасын енгізу. Тиісті қаржыландыру және заңнамалық негізінде алынған нәтижелер ЕАЭО ТР 041/2017 шеңберінде химиялық заттар тізілімін жүргізудің негізділігін көрсетеді.

Химиялық заттарды ұлттық деңгейде реттеудің кешенді тәсілін іске асыру үшін әлеуетті нығайту бойынша күш-жігерді қолдауға бағытталған, Елдің алдына қойылған міндеттерге Жоба шеңберінде қол жеткізілді.

Жоғарыда баяндалғанды қорытындылай келе, Қазақстанда осы Жобаны іске асыру кезеңінде қабылданған шаралар елеулі серпін берді және химиялық заттардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсерін төмендету жолын одан әрі дамуға ықпал етті деп батыл айтуға болады.

Жоба аясында өткізілген іс-шаралар қауіпті химиялық заттармен байланысты халықтың аурушаңдығын төмендетуге және елдің қоршаған ортасының жағдайын жақсартуға өзінің баға жетпес үлесін қосады деп үміттенеміз.



**Мекен-жайымыз:**

010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Б.Момышұлы 2/11, БО “Avenue”

**Телефон:**

+ (7172) 95-41-05

**Электрондық пошта:**

secretariat@hls.kz



[www.hls.kz](http://www.hls.kz)



НЦОЗ МЗ РК



ncozmz



ncph\_kz



НЦОЗ МЗ РК

